



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Болашақ аудармашыларды даярлаудағы маңызды аспектілер жоғарыда айтылғандар болып табылады. Аталмыш аспектілер жоғарғы оқу орындарында білім беру барысында басшылыққа алынбаса, әдістемелік және әдіснамалық қателіктерге соқтыруы мүмкін және болашақ аудармашы мамандарды даярлау процесінде кері әсерін де тигізеді. Сондықтан да жоғарғы оқу орындарында болашақ аудармашыларды даярлау барысында білім алушылардың бойында қалыптастыратын практикалық дағдыларға қатысты төмендегі мәселелерді ескеру маңызды:

– болашақ аудармашыларды дайындауға бірден бір қажет теориялық білім беретін және практикалық дағдыларын қалыптастыратын пәндер бойынша ана тілімізде құралған сапалы оқу құралдар санын көбейту;

– болашақ аудармашыларды даярлау барысында қажетті теориялық білім беретін және практикалық дағдыларын қалыптастыратын пәндер қатарына сөйлеу мәдениеті және болашақ аудармашыларды психологиялық тұрғыдан дайындайтын практикалық пәндерді қосу керек;

– «Аударма теориясы» пәні үшінші курста емес екінші курста студенттердің ана тілінде оқытылса, яғни студенттер терия жағынан білім алғаннан кейін практикалық машықтануға көшеді, өйткені үшінші курста барлық пәндер жазбаша аударма жасау дағдыларын машықтандыруға бағытталған. Сонымен қатар, жазбаша аударма практикасы ауызша аудармадан бұрын оқытылғаны дұрыс, өйткені түпнұсқаны қабылдау тұрғысынан ол оңайлау болады.. Осы бір әдістемелік мәселені шешу үшін «қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, оқытуды жазбаша аудармадан бастау керек. Мұндай жағдайда білім алушы түпнұсқаны немесе оның бөліктерін бірнеше рет қарап шығу мүмкіндігіне ие болады, ал ауызша аудармада мұндай мүмкіндіктерге жол берілмейді;

– жоғарғы оқу орындарында болашақ аудармашыларды даярлау процесінде аса маңызды рөл атқаратын оқытушылардың нақты аудармашылық дағдыларын ұштау мақсатында түрлі семинар немесе курстар ұйымдастырып тұру қажет;

– оқытушылық қызметтегі келесі маңызды аспектілердің бірі – білім алушының өзінің немесе өзгенің аудармасын өңдей отырып, сол аудармаларға сыни тұрғыдан қарау дағдысын қалыптастыру болып табылады;

– болашақ аудармашылардың синхронды аударма жасау дағдысын машықтандыру мақсатында арнайы жабдықталған кабинеттерді іске қосу.

Қолданылған әдебиет

1. Ермолович Д.И. Основы профессионального перевода. – М., 1996.
2. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком? – М., 1999.
3. Мирам Г.Э. Профессия: переводчик. – Киев, 1999.

УДК 651.926

ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Тұрлыбаева Мадина

lei_e@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.К. Сәтенова

Аударма – мәдениетаралық қатынастың маңызды құралы, өйткені ол бір тілдік мәдениет айғағын екіншісіне таныстырушы орталық буын. Мәдени қарым-қатынасқа көп түскен, яғни өзге мәдени әлемнің когнитивті тәжірибесімен кеңінен таныс мәдениеттің тілінің аударуға бейім келетіндігі, соның нәтижесінде аударма ісінің үдере өрбитіндігі де белгілі жайлар.

Заң аудармалары тіл мен айтылудың стиліне арнайы талаптар қойылады, дұрыс тандалған стиль-мазмұн және ой құрылымдарының шындығымен белгіленеді. Осыған байланысты заң құжаттарын сапалы және шынайы аудару үшін тек заң білімі ғана қажет емес, сондай-ақ арнайы заң тілін де иелену керек. Ал заң тілін толық меңгеру үшін ағылшын және қазақ тілінде заң терминдерін жетік білу қажет.

Қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған және белгілі бір құқықтық салаларда туатын ресми жазбаша құжаттарды – заң құжаттары немесе заң актілері дейміз. Заң актілері қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын реттейтін **нормативтік актілер** мен тек қана бағытталған белгілі бір субъектілердің міндеттері мен құқықтарын тудыратын **жеке (нормативтік емес) актілер** болып бөлінеді.

Ресми құжаттарды әзірлеу ісінде кеңес дәуірінен қалған тәртіп, яғни орыс тілінің үстемдігі бәз-баяғынша сақталып қалса да, енді оның қазақша нұсқасының болуы міндетке айналды. Жалпы, тәуелсіздігіміздің тарихымен есептесек, 90-шы жылдардың алғашқы жартысын ресми аударма дамуының бірінші кезеңі деп айтуға болады. Құжаттың қазақша аудармасы бар ма, бар деген ыңғайда оның сапасына онша мән берілмеуі, аудармашының авторлық стилін ескеру осы кезеңге тән құбылыстар.

Уақыт өте ресми құжаттың, оның ішінде заңнаманың өзіне тән бұлжымас ортақ стилі болатыны, құқық қолдану мәселесі құжат тілін әркімнің стиліне салуды көтермейтіні анықтала түсті. Ресми аударманың көркем аудармадан басты ерекшелігі де осында еді.

90-шы жылдардың одан кейінгі жартысын қамтыған екінші кезеңде аударманың сапасы мен мағынасына мән беріле бастады. Терминкомның жұмысы жанданып, терминологиялық қорымыз біршама байи түсті. Бұл кезеңнің бір кемшілігі – мемлекеттік тілдегі құжаттар заң терминдері мен атау сөздердің баламаларын сынап көретін эксперименттік алаңға айналды. Ол тәжірибені ресми аударманың дамуында орын алған кемшілік десек те, бұл сол кездегі қажеттіліктен туындап еді. Қоғамдық өмірдің сан саласында жоғары қарқынмен жүргізілген реформалар нәтижесінде тілдік айналымға күн санап көптеп енген жаңа сөз тіркестері мен сөз орамдары ғылыми-теориялық, заңгерлік сараптамалық тұрғыдан жүйелі сараптаудың болмауы салдарынан аудармашыны осылайша өз бетінше әрекет етуге мәжбүр етті. Заң нормаларының практикада қолданылуында қиындық туғызатын бұл жағдайдан әлі де толық арыла алмай отырмыз.

Қазіргі кезеңді ресми аударма дамуының үшінші кезеңі деп айтуға болады. Бұл терминдерді бір ізге түсіріп, бұрын жаңсақ қолданылғанын түзету, олардың мағынасына көңіл бөлу кезеңі.

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе: бізде ресми аударма ісі, әйтеуір тілден хабары бар ғой деген ниетпен, негізінен журналистер мен филологтарға жүктелген. Ал өз басым заңның мәтінімен жұмыс істейтін адам міндетті түрде заңгер болуы керек, тым болмаса ол құқықтың әр саласынан хабардар болуы керек деп ойлаймын. Өйткені, майталман аудармашы-журналистердің өзі заңның мәтінімен жұмыс істеуге келгенде, сол заңның табиғатын түсіне алмай қиналады. Әрине, бұл олардың кінәсі емес. Бүгінгі күнге дейін солай болып келді, қазір де солай. Сөздің мағынасын жете түсініп, қазақи ұғымға сай сөйлем құрғанымен, әр заң мен құқықтық актіде норма болатынын, әр сөздің болмаса да әрбір сөйлемнің норма жүгін арқалап тұратындығын кез келген аудармашы түсіне бермейді. Ал оны аңдамаған адам қазақшаға еркін аударып, немесе тігісін жатқызып редакциялап, бір қарағанда әп-әдемі, бас-аяғы дұрыс сөйлем құрғанымен, орыс тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, заң шығарушының не айтпақ болғанын зерделегенде, оның айтпақ ойын, яғни норманы бұзып алатын жағдайлар да аз емес. Сондықтан заң мәтінімен жұмыс істейтін аудармашы да, редактор да оның табиғатын түсінетін адам, яғни заңгер болуы керек.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті проблемалар бар. Оның біріншісі – нормативтік-құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, депутаттық жұмыс топтарында да

жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің тезінен өтпеген ұлттық термин алды-арты, кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, жалғыз аудармашының ой-өресіне байланып, бір қайнауы ішінде, шала-шарпы күйінде кетіп жатады.

Мәселенің түйіні нормативтік құқықтық актілер жобаларын қазақ тілінде әзірлеуде жатыр. Сонда ғана бірнеше сатыда алуан түрлі мамандар талқысынан өткен әмбебап терминдер қалыптасар еді.

Қазіргі уақытта мәдениетпен өзара байланыс салаларын зерттеу өзекті мәселе болып отыр. Лингвомәдени бағыттың дамуы негізінен мәдениет феноменін адам мен әлем қоғамының арнайы формасы ретінде тануға бағытталады. Әр-түрлі мәдениет түсінігін түсінуде және байланыстар арасындағы қарым-қатынасты орнатуда «аударма» үлкен роль ойнайды.

Қандай да бір мәтіннің аудармасын қарастыру үшін тілдік мәдениеттің ерекшеліктері, өз тіліміз (қазақ) және шет (ағылшын) тілдерінің әлеуметтік механизмінің негізі ескеріледі. Мұндай қатынас көптеген практикалық (тәжірибелік) мәселелерді шешуде (аудармағы, мысалы, заң мәтіндеріне байланысты) жаңа көзқарастарды анықтауға көмектеседі. Бұл орайда құқықтық нормалардағы әлеуметтік, заң терминологиясы, сот-процессуалды жүйелі білімді игеру басты рол ойнамайды, сондай-ақ аудармашының жеке қасиеттері де ескеріледі, өйткені қандай да бір мәтіннің аудармасы түрлі жеке тілдердің байланысына сүйенеді (мәдени концептілер). Бірқалыпты аудармаға кол жеткізу үшін образ және оған байланысты мәдениет түрлері іс-әрекеттерін иелену қажет.

Зерттеулер бойынша шындықтың кейбір үзінділері, байланыстар мен қатынастар қоғамдық құбылыс ретінде тілде бейнеленеді. Бұған мысал ретінде «соттағы сөзді» айтуымызға болады, «Соттағы сөз» ұлттық мәдениеттер арасындағы ажыратушы факторы болып табылады. Осылайша АҚШ-та да сот-заң тақырыптары бұл елдің жаппай мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі саналады.

Американдық азаматтар өздерінің құқық қорғау жүйесінің «шыншылдығына және тұрақтылығына» сенеді. Біз басқа елдің лингвомәдени қатынасына максимальды жақындап, адекватты түсіну үшін құқықтық тақырыпқа сәйкес келетін мәтін-аударманың байланыстырушысы-коммуникативті процесстің қатысушысы болуымыз тиіс. Аударманың дәл өзі де мәдени байланыстардың бір формасы, ол басқа мәдениетті көз алдамызға елестетеді.

Чех лингвисттері В. Матезиус пен В. Прохазкидің пікірлері бойынша аударма-бұл тек қана тілдік алмасу ғана емес, мәдениет элементтерінің қызметтік алмасуын да жатқызуымызға болады. Мұндай алмасу толық болуы мүмкін емес, өйткені, «аударма түпнұсқа ретінде оқылуы керек» талабы соншалықты мүмкін емес, себебі мәтіннің толық алмасуы басқа мәдениеттің нормаларына бейімділеуі дегенді білдіреді.

Мәдениеттің қарым-қатынасы түсінігінің өзі лингво-мәдени қатынастарды басқалардан ажырататын жалпы/ жеке және сәйкескелетін/сәйкескелмейтін элементтердің болуына байланысты. Заң мәтіндерімен жұмыс істейтін әрбір аудармашы аударылатын тілдің әдеттерін ескере отырып, құқықтық құжаттың қабылдау ғұрпын бұзбауы тиіс. Түрлітілдік коммуниканттар арасындағы толық қатынастар аударылып жатқан мәтіннің түп-нұсқаға толық сәйкес аударма жолымен жүзеге асырылады.

Мәтіннің «Коммуникативті теңдік» түсінігі шетелдік материалды аудару механизмін түсіндіру үшін маңызды. Коммуникант үшін екі мәтіннің де тең функционалды, құрылыс-семантикалық мәні бар. Заң мәтінін аудару кезінде жетістіктерге жету үшін аудармашы шет тілде ғана емес, сондай-ақ өз тілінде де «заң саласында сауатты» болуы тиіс. Негізгі заңнаманы және сәйкес құқықтық терминологияны білуде *on the tip of his tongue*.

Айтылғандарды заң дискусіне сәйкес елдің сот-процессуалды жүйесінің көптүрлілігін ескере отырып құрастырылып көрейік. Түрлі елде түрлі заң жүйесі арналған әр ұлттық тілі

өзіндік заң терминіне ие. Мысалы, ағылшын тілі АҚШ, Ұлыбритания заң жүйесіне, неміс тілі-ФРГ, Швейцария, Австрияға қызмет етеді. Заң түсініктерінің лингвистикалық эквиваленттілігіне көбіне қол жеткіземіз.

Қазіргі таңда еуропалықтар үшін «Адам құқықтары туралы Хартия» қызмет атқарса, Еуропа қауымдастығындағы мүше елдер үшін-құжаттар, халықаралық ұйымдардың шешімдері мен келісімдері бар. Нәтижесінде тілде бірнеше жақын эквиваленттер кездесуде. Мысалы,

Article 3

Everyone has the right to life, liberty and security of person.

Әрбір адам өмір сүруге, тәуелсіздікке құқылы.

Article 17

Everyone has the right to own property alone as well as in association with other.

No one shall be arbitrarily deprived of his property.

Әрбір адам жеке меншікті иеленуге құқылы.

Ешкімнің рұқсатсыз оның меншігін айыруға құқығы жоқ.

Article 24

Everyone has the right to rest and leisure, including reasonable limitation of working hours and periodic holidays with pay.

Әркім демалуға және тынығуға құқылы, жұмыс уақытымен төленетін кезеңдік демалыстарды қосқанда заң тілі-«мемлекеттік тіл» деуімізге де болады.

Аталған ереже өте маңызды, оны бұзуға болмайды, бұл жағдайдағы ең үлкен мәселе-бір тілден екіншісіне анық, дәл аудару. Осы мәселе аудармашының жұмысын қиындатады да, шетел тіліндегі заң құжаттарын қолдануда шектеулер туғызады.

Жұп аудармашылық әрекеттің көптеген түрлері аудармаға жақындығын сақтайды, сәйкесінше түп-нұсқаны үлкен және кішігірім түрде аударыды. Идеалды аудармаға қол жеткізу соншалықты мүмкін емес, ол үшін аудармашы әр-түрлі қулықтарға баруы керек.

«Екі тілді коммуникация біртүрлі аударылған коммуникацияға аудару аудармашының шеберлігіне және бірқатар объективті жағдайларға байланысты. Мұндай жағдайларға аударылып жатқан мәтіннің қасиеттері мен аударманы жүзеге асырудың әдістері жатады». Мысалы, заң құжаттары-тіл қоғамдық және құқықтық жүйеге сәйкес келуі тиіс ерекше аударма болып табылады.

Заң мәтіндерін аударып отырып аудармашы құрылымдық және мәндік сәйкес келуден арнайы бас тартады, ықпал ету дәрежесіне қарай бірқалыпты ұстайды.

Сөйтіп, заң мәтіндері-құқықты бейнелейтін маңызды өмірлік форма. Заң құжаттары-заң мағлұматтарын хаттай жеткізетін мәтіндік ерекшеліктерге ие өзіндік тілдік мағына. Тілші ғалымдар мен заңгерлердің көзқарастарының өзгешелігіне қарамастан, олар барлық мәтіннің лексикалық, логикалық және мағлұмат беру тұрғысынан нақты, дәл болуын мақсат етеді. Шетел тілдерінен аударылып жатқан заң мәтіндері қызметіне және прагматикалық рөліне қарамастан жоғарыда аталғандай негізде екендігінде күмән жоқ, дегенмен, осы бағытта зерттеу, сараптау жұмыстарын жүргізу қажет деп есептейміз. Зерттеу барысында ғылыми ізденістердің көбіне заң мәтіндерінің лексикалық құрамын талдау мәселесімен шектелетіндігі анықталды.

Құқық дегеніміз – индивидтер мен топтардың қоғамдағы тәртіп ережесі. Сондықтан заң құжаттарының аударма тілі негізінен үш талапқа сай болуы тиіс: дәлдік, айқындық және шындық.

Қолданылған әдебиет

1. «Анатілі» газеті, 2003 жылғы 4 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
3. Дүйсембекова Л. Ресмиісқағаздарына аудару мәселелері // Аударматану (ғылыми-

практикалық көмекші құрал). – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 111-118-бб.

4. Чаплыгин С.А. Задачи и методы работы по упорядочению технической терминологии (Изд. АН СССР, ОТП, М., 1973);
5. Ткачева Л.Б. Особые закономерности английской терминологии. Томск, 1987 С.65.
6. Алимов В.В. Юридический перевод: практический курс. - М.: Юрист, 2004 - 165с.
7. Арнольд И.В. Стилистика современного английского языка.-М.: Книга, 2003 - 435с.
8. Когнитивтік зерттеулердегі термин мәселесі // Тіл таным, №3(23). – Алматы, 2006. – Б.88-93.
9. Алимов В.В. Юридический перевод. Практический курс. Английский язык. – М.: КомКнига, 2005. – 160 стр.
10. Базылев В., Сорокин Ю.А. Интерпретативное переводоведение. - Ульяновск, 2000.
11. Власенко С. В. Перевод юридического текста: когнитивные особенности номинации и реалии-профессионализмы в языковой паре английский-русский // Филологические науки. МГИМО. Сборник научных трудов, № 21 (37). М.: МГИМО, 2005. – С. 129–140.
12. Власенко С. В. Договорное право: практика профессионального перевода в языковой паре английский-русский. – М.: Волтерс Клувер, 2006. – 320 стр.
13. Гамзатов М. Г. Техника и специфика юридического перевода: Сб. статей. – СПб., 2004. – 184с.

УДК 81.33

ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРГЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Турлыбекова Багила Жумағалиевна

b.turlybekova@mid.gov.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ә.Қ. Ахметов

Соңғы он жылдықта «тілдің құрылымын» зерттеудің орнын «тілдің әрекет барысында» зерттеу, яғни сөйлеу барысында қарастыру басып келеді. Бірінші орынға оның қоғамдық қызметі шығып, тілдің адам коммуникациясының құралы ретіндегі мәселелері зерттеу объектісіне айналды. Негізгі қарым-қатынас құралы ретінде тіл, адам өмірінің барлық өзгерістеріне бейімделіп, қоғаммен құрылып, шындалады.

Жаңа ғылыми парадигма, өзінің айқын антропоцентристік бағытымен табу мен эвфемизмдерге тек коммуникация формасы ретінде ғана емес, мәдениет бөлшегі, лингвистік ғана емес экстралингвистік фактор ретінде жол ашты. Табу мен эвфемизмдерге деген ХХІ ғасыр әдебиеті мен публицистикасындағы артып келе жатқан қызығушылық табу мен эвфемия көп аспектілі феноменін жаңаша зерттеумен, тілдік құралдар арқылы оларда көрініс тапқан коннотативті ақпаратты интерпретациялау қажеттілігін де тудырады. Табу мен эвфемизмдерді зерттеудің ерекше маңыздылығы қазіргі заманғы тіл білімінің қоғамның өзіндік әлем бейнесін, автор мен адресаттың тілдік тұлғаларының эвфемизмдерді жасаушы мен оның реципиенті арасында қарым-қатынас орнауы барысында, және эвфемизмдерді пайдалану контексті ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылығынан туындайды.

Табу мен эвфемизмдер – кез келген мәдениет пен тілден орын алатын этнолингвистикалық ұғымдар. Табу мен эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын лексика және семантика жағынан байытатын өнімді тәсілдердің бірі. Олар сөз мағынасын өзгертуде,